https://doi.org/10.52889/1684-9280-2025-76-1-4-14
ӘОЖ 616-02; 616.71-002
ҒТАХР 76.29.41

Инфекциялық этиологияның сүйек ақауларын емдеу және толтыру мәселесі (Әдебиетке шолу)

Рашова М.Г. [1], Тулеубаев Б.Е. [2], Ахметова С.Б. [3], Дарменов Е.Н. [4], Кошанова А.А. [5]

[1] PhD докторант, Қарағанды медицина университеті, Қарағанды, Қазақстан. E-mail: rourke_m@mail.ru
[2] Хирургиялық аурулар кафедрасының меңгерушісі, Қарағанды медицина университеті, Қарағанды, Қазақстан. E-mail: Tuleubaev@qmu.kz
[3] Биомедицина кафедрасының профессоры, Қарағанды медицина университеті, Қарағанды, Қазақстан. E-mail: S.Ahmetova@qmu.kz
[4] Хирургиялық аурулар кафедрасының доценті, Қарағанды медицина университеті, Қарағанды, Қазақстан. E-mail: darmenov@qmu.kz
[5] Хирургиялық аурулар кафедрасының ассистенті, Қарағанды медицина университеті, Қарағанды, Қазақстан. E-mail: Koshanova@qmu.kz

Түйіндеме

Сүйек ақауларын емдеу және толтыру мәселесі бүгінгі күнге дейін өзекті болып табылады. Остеомиелит - сүйек кемігіне, губка тәрізді және ақтам затқа, периостеумға әсер ететін сүйектің барлық элементтерінің жұқпалы қабынуы. Созылмалы остеомиелитті диагностикалау және емдеу травматология мен ортопедияның өзекті міндеті болып табылады. Бұл постулат асқынулардың жоғары пайызына, пациенттерді емдеудегі үлкен экономикалық шығындарға және терапияның ұзақтығына байланысты.

Әдебиеттерді іздеу және шолу 2024 жылдың ақпанында жүргізілді және Web of science, Scopus, PubMed, Wiley сайттарындағы кілт сөздер бойынша жүзеге асырылды. Алынған үлгіден зерттеу тақырыбына сәйкес мақалалар, әсіресе 2014-2024 жылдардағы жұмыстар таңдалды.

Шартты түрде бұл шолу бірнеше бөліктен тұрады: 1) биопленкалардың құрылымдық-функционалдық қасиеттерінің экспликациясы. Созылмалы остеомиелиттің неғұрлым жиі инфекциялық этиофакторы Staphylococcus aureus-тің мысалында қарастырылады. 2) қазіргі заманғы сүйек ақауын толтырғыштарды салыстырмалы-сипаттамалық талдау; 3) сүйек аллографты қолдану саласындағы Қарағанды медицина университетінің хирургиялық аурулар кафедрасының ғылыми жетістіктерінің дескрипциясы. Осындай саралау, авторлардың пікірінше мақаланың тақырыбын толығымен ашуға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: созылмалы остеомиелит, Staphylococcus aureus, биопленка, емдеу, диагностика, сүйек алмастырғыштары, наноцеллюлоза, сүйек аллографты.

Corresponding author: Rashova Madina, PhD student of Karaganda Medical University, Kazakhstan.
Postal code: M01K7G6 (100008)
Address: Kazakhstan, Karaganda, Gogol 40
Phone: +77059502916
E-mail: rourke_m@mail.ru

J Trauma Ortho Kaz 76 (1) 2025: 4-14
Recieved: 25-10-2024
Accepted: 18-12-2024

This work is licensed under a Creative Commons Attribution 4.0 International License

Кіріспе

Созылмалы жарақаттан кейінгі остеомиелиттің жиілігі 5-30% аралығын құрайды, пациенттердің мүгедектікке ұшырауы 50-90% жетеді [1]. Асқынулардың жоғары пайызы некроз, секвестрлердің пайда болуына, қоршаған жұмсақ тіндердің іріңді-қабыну процеске ұшырауына және остеорепарацияның баяулауына байланысты туындайды. Бір науқасты емдеудегі қаржылық шығындар шамамен 25 мың долларды құрайды [2]. Қосарланған терапиядан яғни, хирургиялық санация мен дәрі-дәрмекпен емдеуден кейінгі рецидивтер 20-30% жағдайда тіркеледі, және әдебиеттерде 50 жылдық дебюттік кезеңнен кейін де инфекцияның қайта жандануы туралы мәліметтер келтірілген [3]. Созылмалы остеомиелитті емдеу медициналық ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік-экономикалық проблема болып табылады, өйткені еңбекке қабілетті жастағы науқастар жиі зардап шегеді [4].

Остеомиелитті емдеуде қолданылатын биоматериалдар сүйек ақауларын толтырып қана қоймай, сонымен қатар антибиотиктерді жергілікті жеткізудің "құралы" болуы керек екені белгілі, өйткені биопленкалардың пайда болуы және некроздалған аймақтардың қанмен қамтамасыз етілуінің бұзылуына байланысты жергілікті минималды бактерицидтік концентрация және антибиотиктердің биопленка минималды эрадикация концентрациясына тек жүйелі емдеу арқылы қол жеткізу мүмкін емес. Тиімді емдеудің ең қолайлы жолы ерте диагностика болып табылады, яғни микробиологиялық және патологиялық зерттеу үшін сүйектерді алып, кейіннен мақсатты антибактериялық терапия жасауға болады.

Сүйек-буын жүйесінің анатомиялық және физиологиялық ерекшеліктеріне байланысты, осы аймақта орналасқан көптеген инфекциялық ауруларға қарсы жасалынған микробқа қарсы терапиялар әлі де жетістікке жетпеді. Сондай-ақ, ағза-морфологиялық сипаттамаларының ерекшеліктерінен басқа, осы нозологияның патогенезін биопленка түзілу призмасы арқылы сүйектегі микроорганизмдердің персистенциясын негізгі себеп-салдарлық процесі ретінде қарастыру қажет [5]. Бактериялық биопленкаларды басу және жою мәселесі өте өзекті мәселе.

Шолудың мақсаты - инфекциялық этиологияның сүйек ақауларын емдеу және толтыру туралы әдебиеттердің соңғы деректерін қорытындылау.

Әдістеме

Шолу остеомиелиттегі сүйек ақауларын емдеу және толтыру мәселесін қарастырады, олардың табыстылығы екі факторға байланысты деп ойлаймыз: инфекциялық агенттің эрадикациясы және сүйектің оңтайлы алмастырғышын таңдау. Біріншісін жүзеге асыру үшін сүйек инфекциясының хронизациясына әкелетін патогенетикалық процестерді ашу қажет. Оны этиологиялық агент және "биопленка түзілу" ұғымы арқылы түсіндіруге болады. Әдебиеттерді іздеу және шолу 2024 жылдың ақпанында жүргізілді және Web of science, Scopus, PubMed, Wiley сайттарындағы түйін сөздер бойынша жүзеге асырылды: созылмалы остеомиелит, Staphylococcus aureus, биопленка, емдеу, диагностика, сүйек алмастырғыштары, наноцеллюлоза, сүйек аллографты. Алынған үлгіден зерттеу тақырыбына сәйкес мақалалар, әсіресе 2014-2024 жылдардағы жұмыстар таңдалды.

Шолу үшін 52 ғылыми жұмыс таңдалды. Қосу критерийлері: халықаралық стандарттарға сәйкес келетін әдістемелік және материалдық дайындықтың жоғары деңгейі бар түпнұсқа және өзекті құрылымдық мақалалар. Алып тастау критерийлері: 2014 жылға дейінгі жұмыстар, тиісті әдістемесі жоқ мақалалар.

Созылмалы остеомиелит кезінде биопленка түзілуінің рөлі

Биопленкалар - ортаның бетіне түзіліп және жабысатын күрделі полимерлі матрикс, олар планктондық формаларға қарағанда антибиотиктерге төзімділігі жоғары микроорганизмдердің құрылымдық ұйымдасуын қамтиды [6]. Биопленкалар теориясы созылмалы жұқпалы аурулардың 65-80% этиологиясын түсіндіреді, олардың әртүрлілігі бактериялар көпшілігінің өздігінен пайда болатын экожүйелерде өсу қабілетін көрсетеді [7, 19]. Бұл терминді өткен ғасырдың 80 - ші жылдарының соңында американдық зерттеуші J. Costerton енгізген [8]. Биопленкалы инфекциялардың екі үлкен тобы бар, олардың бөлінуі түзілу ортасына байланысты. Бірінші топ адам ағзасына енетін бөгде заттармен байланысты: импланттар, әртүрлі катетерлер, эндотрахеальды түтіктер, линзалар, тіндерді алмастырғыштар және т.б. Екінші топ организмдегі метаболикалық орталар мен тіндерге бөгде заттардың қатысуынсыз биопленкалардың дамуын қамтиды (тастар, тонзиллиттер, стоматологиялық бляшкалар және т. б.).

1988 жылы A.G. Gristina-ның «Жер беті үшін жарыс» атты жазған еңбегінде, жасуша иелерімен мен патогенді микроорганизмдер арасында биопленкалардың дамуын алдын-ала анықтайды [9]. Имплантациядан кейін биоматериал жасушадан тыс матрикспен жабылады. Ол фибронектин, фибриноген, альбумин, витронектин, коллаген және комплементтен тұрады [10]. Биопленканың қалыптасуында бірнеше қадамдар бар: қайтымды бекіту, жасушадан тыс матрикстің түзілуі - қайтымсыз бекіту, өсу, жетілу және фрагментация [11]. SA биотикалық немесе абиотикалық бетке адгезин, тейхой қышқылдары және сортазалар көмегімен бекітілгеннен кейін оның көбеюі мен микроколониялар түзуі жүреді. Олар матрикстің ішінде полисахаридті жасушааралық адгезин - Гомополимер N - ацетилглюкозамин өндірісінің арқасында ұсталып, icaABCD оперон гендерімен кодталып және микроорганизмдерді жасуша иесі фагоцитозынан жасырады. Жетілу кезеңі бактериялық экзополисахаридтерден тұратын гликокаликстің бөлінуімен сипатталады. Оның функционалдығы қоршаған ортадан минералдар мен қоректік заттарды алу, механикалық бекіту мен тұрақтылықты қамтамасыз ету, иммундық жауаптан қорғау болып табылады. Ол сондай-ақ трансколониялық коммуникация ортасы "quorum sensing" болып табылады. Яғни сигналдық молекулалар мен ДНҚ алмасуы арқылы биопленканың бірегей фенотипі мен генотипін анықтайды [12]. Фрагментация процесі қоректік заттар мен оттегінің жетіспеушілігінен

туындайтын жағдаймен сипатталады, осылайша белсенді аймақтағы бактериялар босатылып, жаңа биопленкаларды жасайды [10, 11]. Биопленканың архитектурасын зерттеу кезінде микроколониялар тек 15-20%, ал экзополимер матриксі 75-85% құрайтын көлем қатынасына назар аударады. Матриксте полисахаридтер, амилоидты ақуыздар, жасушадан тыс ДНҚ бар. Сондай-ақ, биопленканың қалыңдығында антибиотиктерге төзімділігі жоғары және инфекцияның қайталануын тудыратын персистерлік жасушалар бар.

Биопленка жағдайында бактериялар метаболикалық белсенділіктің басқа деңгейіне ие болады және фенотиптік жағынан планктондық аналогынан өзгеше болуы мүмкін. Shengpeng Yu және авторласымен бірге биопленкалардың түзілуі мен S. aureus ортопедиялық штаммдарының әртүрлі генетикалық және фенотиптік сипаттамалары арасындағы байланысты 137 изолятта көрсетті, сондықтан ST88, t377 және ST630-MSSA-t377 штамдары өте берік биопленкалар түзеді, ал MLST ST15, ST25, ST398, ST5, ST59 және cna - түрлері t 002, t2325, t437 әлсіз биопленкаларды қалыптастырады [13].

S. aureus штаммдарының MRSA және MSSA салыстырмалы талдауы: бактериялардың көбеюіне жауап беретін uycF, uycG және uycH транскрипттерінің экспрессиясы, полисахаридті жасушааралық адгезияның (PIA) маңызды ақуызын кодтауға жауапты іса генінің экспрессиясы, биопленка биомассасының MRSA-да жоғары екенін көрсетті. Бұл ережелермен авторлар, созылмалы остеомиелиттің этиологиялық факторы ретінде жиі әрекет ететін MRSA - ның жоғары вируленттілігімен түсіндіреді [14].

S. aureus құрған биопленкалардың тұрақтылығының негізгі факторларын қарастырайық:

* α-токсин иесінің макрофагтарының мембранасын бұзып олардың өлімін инициирлейді;

* лейкотоксиндер LukSF, HlgAB және HlgCB, LukED және LukAB макрофагтардың поляризациясына әкеледі, бұл кейіннен әлсіз қабынуылық фенотиптің пайда болуына және тиісті иммундық жауап пайда болуына әкеледі;

* стафилококкты комплемент ингибиторы (SCIN) - классикалық комплемент жолдарын тенейді.

* стафилококк хемотаксисін тежейтін ақуыз (CHIPS);

* А жабысу факторы (ClfA) және жасушадан тыс адгезия ақуызы (Eap);

* "quorum sensing" арқылы генотиптің өзгеруі [10].

Биопленкалық инфекцияның клиникалық диагностикасында патогномоникалық симптомдар болмайды, текинтоксикация белгілерінің жоғарылауы, анамнезінде науқастың бейімділігі, персистерлеуші инфекция, антибиотиктермен емдеудің тиімсіздігі жанама түрде биопленкалардың түзілуін көрсете алады. Инвазивті емес УДЗ, шолу рентгенографиясы, КТ, МРТ биопленка инфекцияларын тікелей анықтауға мүмкіндік бермейді. Конфокальды лазерлік сканерлеу микроскопиясы - бұл бактериялық популяциялардың динамикасын және олардың өзара әрекеттесуін өзінің үш өлшемді ортасында бейнелеуге мүмкіндік беретін диагностикалық эталон [15].

Биопленкалардың жоғарыда аталған құрылымдық-функционалдық ерекшеліктерінің барлығы планктондық формаларға қарағанда бактериялық жасушалардың жоғары 1000 есеге дейін резистенттілігін көрсетеді, яғни емдеу үшін антибиотиктердің айтарлықтай жоғары концентрациясын қажет етеді [16].

Ғылыми қоғамдастықтың сонғы жазылған мақалаларынан альтернативті тәжіребиелерді қарастырайық. Adriana Vollaro өзіннің бірлескен авторымен гетероциклдік кортикостероид дефлазакорта туындысы - прегнидиен-11-гидрокси-16α,17α-эпокси-3,20-дион-1 (PYED-1) S. aureus ATCC 29213-тан туындаған биопленкаларға қарсы ингиберлеуші қасиетке ие, сонымен қоса бұл қосылыс олардың синтезіне кедергі келтіріп қана қоймайды, сонымен қатар транскрипциялық талдауда анықталған кворумға қатысты гендердің (agrA , RNAIII , hld , psm, sarA), беткі ақуыздардан (clfB, fnbB), бөлінетін токсиндердің(hla , hlb, lukD) және капсулалық полисахаридтердің (capC) экспрессиясын басу арқылы қалыптасқан биопленкаларды бұзады [17].

S. aureus биопленкаларына қатысты Lactobacillus plantarum - нан бөлінетін липотейхой қышқылының (Lp.LTA) ингибиторлық рөлі туралы мәліметтер келтірілген. (Lp.LTA) биопленка түзілуінің негізгі құрамдас бөлігі болып табылатын поли-N-ацетилглюкозамин синтезіне жауап беретін ICA оперонының экспрессиясын тежейді. Сонымен қатар, in vitro эксперименттерде (Lp.LTA), оларды қалыптастырудың ерте кезеңдерінде ғана емес, сонымен қатар даму кезенінің әртүрлі уақыт аралықтарында зерттеуде көрсетілген кеш кезеңдерде тежейтіні көрсетілді: 0, 3, 6, 12, 24 және 48 сағат [18].

Ausbacher D. бірлескен автормен бірге молекулалық салмағы 500 Да-нан аз шағын микробқа қарсы пептидомиметиктер болып табылатын α,α-алмастырылған β-аминамидтердің бактерицидтік қасиеттері туралы мәлімдейді. Бір сағат ішінде биопленкалардың инкубациясы S. aureus (ATCC 25923) биопленкасының мембраналарының метаболикалық белсенділігі мен өткізгіштігінің төмендеуіне әкелді. Бұл туындылардың бактерицидтік қасиеттері биопленкалы бактериялардың мембраналарына тікелей әсер етуімен түсіндіріледі, A3 түрі биопленканың флуоресценциясының бір мезгілде жоғалуына және конфокальды лазерлік сканерлеу микроскопиясында биомассаның жойылуына әкелді [19].

Paul P. Зерттеулерінде 1,4-Нафтохинонның Staphylococcus aureus - қа қарсы минимальді бактерицидтік концетрациясы 100мкг/мл құрады. 1,4 - Нафтохинон биопленка метоболизмін тежеуден басқа, Staphylococcus aureus қозғалысын төмендетеді. Берілген қосылыс жасушаларда активті оттегінің белсенді түрлерінің жинақталуын жоғарылату арқылы биопленкалардың құрылуын тежейді[20].

Frapwell C.J. жұмысында S. Aureus биопленкаларына қарсы хинолин туындысы HT61 - ның микробқа қарсы белсенділігі қарастырылған. Қосылыстың биопленкалар мен планктонды дақылдарға қарсы тиімділігі бірдей дәрежеде болды, бұл биопленкалы фенотиптегі бөлінбейтін жасушалардың қатынасындағы артықшылықты көрсетеді [21].

Жоғарыда көрсетілген тәжірибиелердің зерттеу нәтижелері биопленкаларды тежеуге арналған заттардың белсенді ізделінуі жүріп жатқандығын болжауға мүмкіндік береді. Ұсынылған


заттар потенциалды терапевтік компоненттер бола алады, бірақ S. aureus биопленкаларға байланысты инфекциялармен сырқаттанушылықты төмендету мақсатында дозалардың қауіпсіздігі мен төзімділігін бағалай отырып, клиникалық сынақтан/апробация өту үшін әрі қарай қосымша сараптама қажет. Биопленкаларға қарсы күресу әдістерін іздеуді әлі де жалғастыру қажет. Антибиотиктерден басқа созылмалы остеомиелитті емдеуде клиникалық тәжірибеде жергілікті қолдануға рұқсат етілген дәрілер әлі жоқ. Микробқа қарсы препараттар үшін "депо" ретінде әрекет етуі мүмкін сүйектің негізгі алмастырғыштарын қарастырамыз.

Созылмалы остеомиелиттің еміндегі заманауи биоматериалдарды қолдану

Реконструктивті ортопедияның өзекті бағыттарының бірі - биотехнология. Аутосүйектен синтетикалық биополимерлерге дейінгі бірнеше түрленуге тиісті барлық ревалиентті сипаттамаларға сәйкес келетін осындай имплантты табудың маңыздылығын көрсетеді. Сүйек затың ағзаға имплантациялап, қалпына келтіру және нығайту үшін сүйек алмастырғышы ретінде адам, жануар, өсімдік немесе синтетикалық генезді биоматериал бола алады [22]. Бұл жағдайда агрегат болуы керек қасиеттерді шартты түрде биологиялық, физикалық, химиялық деп бөлуге болады. Бұл жағдайда толтырушы заттың болу керек қасиеттеріне байланысты, оларды химиялық, биологиялық және физикалық деп бөліп қарастыруға болады.

Биологиялық критерийлерге жатады: остеокондуктивтілік, биорезорбциалық, биосәйкестік; физикалық критерийге - механикалық беріктікті қамтамасыз ету, химиялыққа - цитоуыттылықтың жоқтығы мен биологиялық қауіпсіздік. Остеоиндукция - бұл дифференциацияланбаған мезенхималық бағана жасушаларының сүйек орындарында ғана емес, сонымен қатар эктопиялық жерлерде де остеопрогениторлық жасушалардың түзілу бағыты. Остеокондукция - бұл жаңадан пайда болған капиллярлардың, периваскулярлық тіндердің және остеопрогениторлық жасушалардың сүйек орнында кеуекті имплланттың үш өлшемді құрылымына енуінің үш өлшемді үдерісі. Айта кету керек, жоғарыда аталған қасиеттерден басқа, остеомиелитті емдеуде қолданылатын имплант антибиотикті сіңіру қабілетіне ие болуы керек, яғни дәрілік заттарды ошаққа жеткізу жүйесі ретінде қызмет етуі керек.

M.L. Wickramasinghe -мен ұсынылған жіктеуде бүгінгі таңда сүйектік инженерияда қолданылатын барлық материалдар көрсетілген [23].



Сызба 1 - Wickramasinghe, M. L., 2022 ұсынылған сүйек алмастырғыштардың жаңа жіктелуі

Қазіргі уақытта биоматериалдардың барлық нұсқасы көрсетілген ең толық жіктеу болып келеді. Түрлердің саналуандылығы бізге осы саладағы тәжірибиелік зерттеулер жалғасатыныны жайында баяндайды. Болашақта биологиялық тіндерді өңдеудің жаңа нұсқаларының ашылуына байланысты жіктеу

жетілдіріліп, толықтырылуы мүмкін. Осылайша, клиникада және эксперименттерде қолданылатын негізгі биоматериалдарды қарастырамыз.

Біркезеңділік, остеокондуктивтік қасиеттер, остеорезорбциалану, антибиотіктің элюирленуіне жеткілікті жылдамдық жасап, клиникада құрамында кальций бар толтырғыштарды сәтті қолдануға мүмкіндік береді.

Кесте 1 - Тірек-қимыл жүйесіндегі инфекцияларды емдеуге қолданылатын кальций сульфаты негізіндегі дәрі-дәрмектер

Препарат, құрамы, шығарылым формасы	Тандау көлемі, науқастар	Асқыну	Зерттеу ерекшеліктері	Сілтеме
OsteoSet-T® -кальций сульфаты; -4% тобрамицин; -3 мм; 4,8 мм түйіншіктер	21	- 33% серозды қабыну - 1 науқаста қайта тазарту	Бақылау тобы жоқ; аз тандалым; бақылау уақыты 6 ай.	[24]
Stimulan® кальций сульфаты; 90% науқаста ванкомицин - 3/4,8/6/7/9 мм түйіншіктер	106	-6 науқаста (5,6%) ілеспе аурулардың әсерінен сепсис және кеңеттен өлім болды; -5 науқаста (5%) инфекция персистенциясы -4 науқаста (4,2%) бітіспеуі болды	Бақылау тобы жоқ; бақылау уақыты 20 ай.	[25]
Cerament® -60% қальций сульфаты+40% гидроксиапатит; -гентамицин – G, ванкомицин – V	20	-10 (50%) науқаста қайта тексеру отасы	Бақылау тобы жоқ; аз тандалым; бақылау уақыты 20 ай.	[26]
PerOssal® -48.5% кальций сульфаты+51,5% гидроксиапатит нанокристалдары; - 86,0% науқаста ванкомицин -6 мм түйіршіктер	93	-8,6% науқастарда ұзақ уақыттық асептикалық дренаждау	- Бақылау тобы жоқ -58(62,3%) науқаста ғана Rg: 6 айдан кейін 42 науқаста нұқсанның мүлде толмауы;16 науқаста жартылай толуы. 12 айдан кейін: мүлде толмауы -12 жағдай(20,7%);жартылай толуы - 24 жағдай(41,4%); толық толуы-22(37,9%)	[27]

1-ші кестеде ұсынылған сүйек тінінің алмастырғыштың коммерциялық нұсқалары барлық клиникалық зерттеулер кезеңінен өткен, алайда, олардың қолданылуы үшін қандағы Са деңгейін және гиперкальциемиямен жүретін қатар ауруларды ескеру қажет, сондықтан бір операцияға қолданылатын 40 мл-ге дейінгі гранулаға сәйкес шектеу бар (интрамедулярлық қолдануда 80 мл) [28].

Padrão T. (2021) және т.б. авторлармен бірге наногидроксиапатитке және бұқаның ахил сіңірінің коллаген ерітіндісіне малынған полиуретанды губкаға негізделген гепаринделген биокомпозитті әзірледі, 1050°C температурада жасалған бұл түйіршіктер 830°C температураға қарағанда тұрақты механикалық беріктігін көрсетті. Қысу бағасы кернеу - деформация қисықтары бойынша анықталды және nanoHA_830 үшін - 0,06±0,04 МПа құрады.; nanoha_1050 үшін - 0,21±0,06 МПа. MRSA өсуінің тежелуімен ванкомициннің ұзақ уақыт шығарылуы (19 күн), биопленканың пайда болуының алдын алу және цитоуыттылықтың болмауы берілген биокомпозитті антибиотикті остеомиелиттік ошаққа жеткізу жүйесі ретінде таңдауға болады деп болжауға негіз береді [29]. Осы ғалымдар тобының 2023 жылы қой үлгісіндегі кейінгі эксперименттік зерттеулері бұрын қол жеткізілген in vitro [30] нәтижелерді растады. Клиникалық сынақтан өту үшін биокомпозиттің қосымша сынақтары қажет.

Қояндар [31] мен тышқандар [32] экспериментінде мезенхималық стромальды жасушаларды қолдану остеобластогенезді және ангиогенезді күшейтетінін көрсетті, сондықтан емдеу аяқталғаннан кейін зерттеудің негізгі тобында жаңадан пайда болған сүйек трабекулалары анықталды, олар жетілген және ақау аймағын тиімдірек толтырды (бақылау тобының 60,0% қарсы 100%). Бұл жұмыстар бағана жасушалары регенеративті ортопедиядағы балама пластикалық биоматериалдардың біріне айналуы мүмкін екенін көрсетеді. Алайда, әдебиеттерде MRSA-ға қатысты тиімділік деректері көрсетілмеген. Әрекет ету механизмдерін нақтылау үшін қосымша зерттеулер және олардың қауіпсіздігін тексеру үшін бірқатар сынақтар қажет, бұл болашақта стандартталған жасушалық терапияны жасауға мүмкіндік береді.

Хизотан - ұлулардың хитинінің деацильдену нәтижесінде алынатын, катионды полисахарид. Бірқатар клиникаға дейінгі зерттеулерде уыттылық, биоүйлесімділік, биоыдырағыштық, сондай-ақ антибиотиктің 5 аптаға дейін ұзартылған шығарылуы дәлелденді, сондықтан бұл өнімді остеомиелитті емдеуде антибиотиктерді жергілікті жеткізу жүйесі ретінде қолдануға болады [33-36]. Полимерді одан әрі клиникалық сынақтан өткізу және бақылау топтарымен зерттеулер жүргізу қажет.

Бірқатар авторлар остеомиелитикалық қуысты толтыру үшін перфорантты бұлшықет кескіндерін қолдану туралы хабарлайды. Дегенмен, аяқша кескіндерін дайындау, шағын іріктеудің болуы, сау бұлшықеттің зақымдануы, салыстыру бақылау топтарының болмауы, бақылаудың шектеулі мерзімі – бұл факторлар берілген биоматериалды толық бағалауға мүмкіндік бермейді және оны кеңінен қолдануға ұсынылмайды [37-40].

Кейінгі кезде наноцеллюлоза (НЦ) өзінің ерекше қасиеттеріне байланысты ең перспективті "жасыл" материалдардың біріне айналды. Бұл полимер шығу тегіне қарай үш түрге бөлінеді: нанокристалды, нанофибриллярлы және бактериялық [41]. НЦ биоүйлесімділігі жасушалардың енуі мен көбеюін қамтамасыз ететін үш өлшемді нанофибриллалық желілік құрылымға байланысты. De Loid G.M. бірлескен автор токсикологиялық талдау жүргізу кезінде бақылау тобы мен НЦ суспензиясымен емделген егеуқұйрықтар арасында сарысу маркерлерінде, гематологияда және гистоморфометрияда айтарлықтай өзгерістер

болмағанын көрсетті [42]. Сондай-ақ, бірқатар авторлар наноцеллюлозаны бактерияға қарсы препараттарды жеткізу жүйесі ретінде атап өтеді, өйткені бұл оның бетінің үлкен ауданы мен, жақсы механикалық беріктігімен, қаттылығына байланысты [43]. Сонымен, V. Bundjaja бірлескен автор. өзінің жұмысында нанокристалды наноцеллюлозаның және оның модификацияланған түрін тетрациклинге қатысты адсорбциялық қабілетін көрсетті: 13,97-18,11 мг/г (60°C температурада), сонымен қатар биополимерден антибиотиктің кинетикалық болініп шығуын пайдалы тиімділігін бағалады - pH 3-те 18,28% және pH 7-де 55,49% [44]. Бірқатар зерттеулер клиникаға дейінгі апробацияда, әрі карай жануарларға in vivo дәрі-дәрмектің шығарылуын одан зерттеу қажет [45].

Кесте 2 - Адамдар мен жануарларда сыналған биоматериалдардың қысқаша сипаттамалары

Категория	Материал	Дефект түрі	Респондент саны	Нәтижелері	Сілтеме
1. Синтетикалық компонент 2. Цемент	1 топ - PerOssal® (нанокристалдық гидроксиапатит + сульфаты Са); 2 топ - ПММА	80% тұтікшелі сүйекте деффект бар	74 пациентте	Отадан кейінгі жаралы инфекцияның туындауы 27% - тен 8,1% - дейін төмендеген 1 топпен салыстырғанда 2 топта 1,5 есе қайталануы төмендеген 1 топта екінші топпен салыстырғанда госпитализация мерзімі азайған	[47]
Аллографт: Сан сүйегі, Маргбургтік сүйек банкі жүйесі бойынша дайындалған.	1 топ - аллографт; 2 топ - аллографт + антибиотик; 3 топ - толықтырылмаған.	Сан сүйегінің деффекті	72 қоян	- 1 топта созылмалы қабыну 30 күнге сақталған 2 топта сүйектің қалпына келуі мен биотрансформациясының жылдамдауы байқалған. 3 топта деффект 60 күнге сақталған	[48]
1. Синтетикалық композит 2. Аллографт: Сан сүйегінің ұршығы, Маргбургтік сүйек банкі жүйесі бойынша дайындалған 3. Аллографт: сан сүйегінің ұршығы, түп нұсқа бойынша дайындалған	1 топ - PerOssal® + аб; 2 топ - бүтін сүйектік аллографт + аб 3 гр. - тесілген сүйектік аллографт + аб	Сан сүйегінің деффекті	54 қоян	- Қабыну 2 топта 3 топпен салыстырғанда 2 есе төмендеген - 3 топта 2 топпен салыстаырғанда белсенді остеорепарация (9 есе бірінші тәулікте, 2 есе 42 тәулікте) - 3 топта 2 топпен салыстырғанда сүйек түзілуі 1,2 есе басымырақ	[49]

Цемент деградацияланбайтын имплантар арасындағы алтын стандарт ,оны моншақ немесе шар түрінде қолданып, кемістікті толтыру арқылы өлі кеңістікті азайтады. Антибиотикті таңдау (кет жасау үшін суда еритін және термостабильді болу керек - экзотермиялық полимерлеу реакциясына байланысты), антибиотиктерге төзімділіктің жоғарылауы (антибиотиктердің көпшілігі РММА-дан босатылғаннан кейін, қалғандары мутацияға төзімділікті тудыратын субингибиторлық концентрацияға әкеледі деп есептеледі), остеоинтеграция үшін биологиялық қасиеттердің болмауы, біраз уақыттан кейін оларды жою үшін қосымша араласу - берілген материалды қолдану кезінде ескеру қажет критерийлер болып табылады[46].

Осылайша, ұсынылған имплантардың алуан түрлілігіне қарамастан, оларды клиникада қолданудың бірқатар шектеулері бар, олар сынақтардың барлық кезеңдерінен өтпегендіктен, эксперименттік кезеңде үлгілердің аз мөлшері мен салыстыру топтарының болмауынан. Әдебиетте аутографты қолдану зерттеу аясында сипатталмаған. Науқастың қатар жүретін аурулары, сыну қаупі, донорлық учаскенің инфекциясы, қосымша қан жоғалту, тіндердің жарақаттануы, операция уақытының ұзаруы, остеомиелитикалық кемістікті толтыру үшін үлкен көлемді алуының мүмкін еместігі - аутографтарды қолданудың тоқтатушы факторлары болып табылады.

Аллотрансплантарды қолданар алдында биоматериалды өңдеу мен зарарсыздандырудан тұратын мұқият дайындық қажет. Химиялық әдістерге антибиотиктер, жуғыш заттар, пероксидтер, қышқылдар, спирттер ерітінділерін қолдану жатады. Термиялық өңдеу, қысым, вакуум, акустикалық энергия (ультрадыбыстық ванна) және центрифугалау физикалық әдістерге жатады. Алайда, тіндік банктер арасында сүйек трансплантациясын дайындаудың оңтайлы әдісіне қатысты келіспеушілік бар, өйткені әртүрлі ұйымдар физикалық және химиялық әдістердің комбинациясын қамтитын коммерцияланған процедураларды қалайды. Осы әдістердің барлығы графиктердің остеоинтеграциясын одан әрі нашарлатады.

Қарағанды медицина университетінің хирургиялық аурулар кафедрасының травматологиялық-ортопедиялық бөлімшесінің ғылыми ізденістері.

Соңғы он жылдықтарда Қарағанды медицина университетінің травматологиялық-ортопедиялық бөлімшесінің хирургиялық аурулар кафедрасының ғылыми қызметінің негізгі бағыты Марбург сүйек тінін дайындау жүйесін зерттеуге, сондай-ақ созылмалы остеомиелитті емдеуге бағытталған. Зерттеулер профессор Х.Ж. Мақажанов атындағы көпсалалы ауруханаңың комбустиология және іріңді травматология бөлімшесінде, хирургиялық аурулар және микробиология, вивария кафедраларында, Қарағанды медицина университеті клиникасының патологиялық-анатомиялық зертханасында жүргізілді.

Қарағанды медицина университетінің травматологиялық-ортопедиялық бейіндегі хирургиялық аурулар кафедрасында орындалған диссертацияларын қарастырсақ: зерттеу тақырыбы жан-жақты ашылынып, ғылыми бағытқа толық сәйкес келеді, сонымен қатар жұмыстардың сабақтастығы байқалады. Қазіргі уақытта 3 докторлық диссертация бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде [48-52].

Марбург сүйек банкінің жүйесі артропластика кезінде тірі донордан сан сүйегінің басын алуы арқылы, сүйек аллотрансплантантың дайындаумен сипатталады. Механикалық өңдеуден, жұмсақ тіндерді, шеміршек пен байламдарды алып тастағаннан кейін, бір реттік стерильді контейнердегі аллографт 82,5°C температурада термиялық өңдеуге арналған Lobator аппаратына орналастырылады. Бұл процесс 94 минутқа созылады, оның барысында АИТВ-ны залалсыздандыру және барлық белгілі бактериялар мен вирустардан дезинфекциялау жүреді, ал аллогендік сүйек тінінің жаңа дайындалған сүйек ретінде биологиялық қасиеттері толық сақталады [47]. Химиялық зарарсыздандыру болса реципиенттің остеобласттарының өміршеңдігіне теріс әсер етеді. Адамдар мен жануарларда остеомиелитті емдеуде қолданылатын кейбір сүйек алмастырғыштарды қолдану кезінде жүргізілген зерттеулердің нәтижелерін қарастырамыз. Айта кету керек, әдістемеде әрдайым салыстыру тобы болған: PMMA қолданылған топпен салыстырғанда нәтижелер бір, құнының қымбаттылығы оны қолданбаудың бір факторы болып табылады, сонымен қатар қазіргі уақытта препарат өндірістен шығарылады.

№2-ші кестеден көріп отырғанымыздай, PerOssal® PMMA қолданылған топпен салыстырғанда жақсы клиникалық нәтижелер көрсетті, алайда препарат қымбаттылығы оны қолданудың тежегіші болып табылады, сонымен қатар қазіргі уақытта препаратты қолданудан алып тастады.

